



«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

Іс-қимыл тәртібі туралы ереже

Магистранттың ғылыми тағылымдамасы туралы ереже

МС ISO 9000:2015  
МС ISO 9001:2016  
МС ISO 37001:2016

ҚазТБУ-БББ-ІҚТТЕ-8.5/8.6-2025-48

Енгізілген күні: «18» маусым 2025 ж.



БЕКІТЕМІН

Ректор

Л.К. Байболова

«18» маусым 2025 ж.

Іс-қимыл тәртібі туралы ереже  
САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

МАГИСТРАНТТЫҢ ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМАСЫ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ

ҚазТБУ-БББ-ІҚТТЕ-8.5/8.6-2025-48

КЕЛІСІЛДІ

АСЖ проректор

Э.Б. Аскарбеков

«18» маусым 2025 ж.

Астана, 2025

Нұсқа:

БД:

Тіркеу №

«Google диск»

### АЛҒЫСӨЗ

Осы Ереже «Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ білім беру бағдарламалары басқармасы мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімімен әзірленді.

Аталған Ереже ректордың қолы қойылған титулдық парақта бекітіледі.

Бұл Ереже «Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің сапа менеджменті жүйесіне (СМЖ) байланысты қызметі шеңберінде орындауға міндетті.

Ережені кезеңдік тексеру жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысымен үш жылдан аспайтын аралықта жүргізіледі.

Осы Ережеге енгізілетін өзгерістер «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ қызметінде оны қолдану нәтижелері бойынша әзірленеді.

Құжаттаманы басқару үдерісінің жекелеген кезеңдерін орындауды ұйымдастыру және үйлестіру жауапкершілігі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысына жүктеледі.

2024 жылғы 28 маусымдағы № 3 редакциядағы ЕЖ 21-09.147-2022 «Магистранттың ғылыми тағылымдамасы туралы ереже» күші жойылды деп танылсын.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	2
1. Құжаттың атауы.....	4
2. Әзірлеуші.....	4
3. Қолдану саласы.....	4
4. Нормативтік сілтемелер.....	4
5. Терминдер мен анықтамалар.....	4
6. Қолданылатын қысқартулар.....	5
7. Жалпы ережелер.....	6
8. Ғылыми тағылымдаманы ұйымдастыру.....	6
9. Ғылыми тағылымдама барысында білім алушылардың құқықтары мен міндеттері.	7
10. Ғылыми тағылымдама нәтижелері бойынша есепті ресімдеу тәртібі.....	8
11. Үдеріспен байланысты тәуекелдер және олардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар.....	9
12. Жауапкершілік пен өкілеттіктер.....	9
13. Құпиялылық .....	9
А қосымшасы. Магистранттың ғылыми тағылымдамадан өту нәтижелері туралы есеп нысаны.....	10
Келісу парағы.....	12
Танысу парағы.....	12
Өзгерістерді тіркеу парағы .....	13
Мерзімді тексерулер есебін жүргізу парағы.....	13

## 1. ҚҰЖАТТЫҢ АТАУЫ

1.1 Магистранттың ғылыми тағылымдамасы туралы ереже ҚазТБУ-БББ-ІҚТТЕ-8.5/8.6-2025-48

## 2. ӘЗІРЛЕУШІ

2.1 Білім беру бағдарламалары басқармасы және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі.

## 3. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

3.1 Осы Ереже магистранттардың ғылыми тағылымдамасын ұйымдастырудың жалпы талаптарын белгілейді және «Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» акционерлік қоғамында (бұдан әрі – Университет) ғылыми тағылымдаманың мақсаттары мен міндеттерін, мерзімдерін, өту тәртібі мен мазмұнын, сондай-ақ тағылымдама бағдарламасын орындау бойынша магистранттың есебі мен оны бақылау нысандарын реттейді.

3.2 Ереже Университеттің білім беру бағдарламаларын басқару басқармасына, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөліміне, халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөліміне, сондай-ақ кафедраларына қолдануға арналған.

## 4. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

4.1 Осы Ережеде Қазақстан Республикасының келесі нормативтік құқықтық актілеріне сілтемелер жасалған:

4.2 ҚР Бюджет кодексі № 171-VIII, 15.03.2025 ж.

4.3 ҚР Азаматтық кодексі № 268-XIII, 27.12.1994 ж. (09.04.2025 ж. өзгерістерімен)

4.4 ҚР Еңбек кодексі № 414-V, 23.11.2015 ж. (19.05.2025 ж. өзгерістерімен)

4.5 ҚР «Білім туралы» Заңы № 319-III, 27.07.2007 ж. (15.04.2025 ж. өзгерістерімен)

4.6 ҚР «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы № 103-VIII ЗРК, 01.07.2024 ж. (19.05.2025 ж. өзгерістерімен)

4.7 ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы № 410-V, 18.11.2015 ж.

4.8 ҚР Заңы «ЖОО-лардың академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту туралы» № 171-VI, 04.07.2018 ж.

4.9 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты № 2, 20.07.2022 ж. (22.04.2025 ж. өзгерістерімен)

4.10 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағыттары бойынша кадрлар даярлау бағыттарының классификаторы № 569, 13.10.2018 ж. (21.07.2023 ж. өзгерістерімен)

4.11 Экстернат және онлайн оқыту нысанында оқытуға жол берілмейтін бағыттар тізбесі № 530, 02.10.2018 ж. (13.09.2022 ж. өзгерістерімен)

4.12 Кредиттік технология бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидалары № 152, 27.05.2011 ж. (26.03.2025 ж. өзгерістерімен)

4.13 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік ережелері № 595, 30.10.2018 ж. (24.06.2024 ж. өзгерістерімен)

## 5. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Термин	Анықтамасы
Магистрант	Магистратурада білім алатын тұлға.
Магистратура	Оқу бағдарламалары кадрларды «магистр» дәрежесін бере отырып даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі.
Ғылыми-педагогикалық даярлау бағыты	Жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдар үшін тереңдетілген ғылыми-педагогикалық және зерттеу даярлығы бар ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асырады.

<b>Ғылыми-зерттеу жұмысы</b>	Бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын айқындау, ғылыми қорыту, жобаларды ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми ізденіс, зерттеулер мен эксперименттер жүргізумен байланысты жұмыс. Ғылыми-зерттеу жұмысы магистрлік диссертацияның негізгі бөлімдері мен тарауларын орындауды қамтиды, ғылым мен тәжірибенің технологиялық жетістіктеріне негізделген заманауи ғылыми зерттеу әдістерін пайдалануға негізделеді.
<b>Білім беру бағдарламасы</b>	Білім берудің мақсаттарын, нәтижелерін, мазмұнын, оқу процесін ұйымдастыруды, оны іске асыру әдістері мен тәсілдерін, оқу нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені.
<b>Бейіндік даярлау бағыты</b>	Экономика, медицина, құқық, білім беру, өнер, қызмет көрсету мен бизнес салалары, қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік, құқық қорғау қызметі үшін терең кәсіби даярлығы бар басқарушы кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асырады.
<b>Тағылымдама</b>	Магистрант белгілі бір білім беру бағдарламасы бойынша қажетті ғылыми және ғылыми-техникалық тәжірибе алатын оқытудың бір түрі. Тағылымдаманың негізгі мақсаты – теориялық дайындық нәтижесінде алынған кәсіби білім, білік және дағдыларды практикада қалыптастыру және бекіту.
<b>Эксперименттік-зерттеу жұмысы</b>	Магистрлік диссертацияның әдістемелік және практикалық аспектілерін орындауды, экономикалық-математикалық әдістерді, сондай-ақ әлеуметтанулық зерттеу, эксперимент, бақылау сияқты нақты ғылыми зерттеу әдістерін қолдануды қамтитын жұмыс.

## 6. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚЫСҚАРТУЛАР

Қысқарту	Мағынасы
<b>ЖООК</b>	ЖОО компоненті
<b>МЖБС</b>	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары
<b>МЖОЖ</b>	Магистранттың жеке оқу жоспары
<b>МҒЗЖ</b>	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы
<b>ХЫЖАҰБ</b>	Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлімі
<b>СҚЕЖАБ</b>	Сапаны қамтамасыз ету және аккредитация басқармасы
<b>БББ</b>	Білім беру бағдарламасы
<b>ЖООКББ</b>	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі
<b>КҚ</b>	Кәсіби құзыреттер
<b>СЖБӨ</b>	Сапа жөніндегі басшылық өкілі
<b>ЖОЖ</b>	Жұмыс оқу жоспары
<b>Университет</b>	«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ
<b>ҒК</b>	Ғылыми кеңес
<b>ОӘЖ</b>	Оқу-әдістемелік жұмыс
<b>МЭЗЖ</b>	Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы

## 7. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың ғылыми тағылымдамасы магистратураның білім беру бағдарламаларының құрамдас бөлігі болып табылады және МҒЗЖ/МЭЗЖ шеңберінде жеке жоспарына сәйкес өткізіледі.

Ғылыми тағылымдаманың мақсаты – жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың құзыреттілігін арттыру, ғылыми ұйымдарда және/немесе тиісті сала немесе қызмет саласындағы ұйымдарда инновациялық технологиялармен және жаңа өндіріс түрлерімен танысу нәтижесінде алынған кәсіби білімдері, іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру және бекіту.

7.2 Ғылыми тағылымдама тағылымдама бағдарламасы аясында өткізіледі, оған мыналар кіруі мүмкін:

- топтық және жеке теориялық дайындық;
- практикалық, оның ішінде көшпелі сабақтар өткізу;
- оқу залдары мен кітапхана қорларында жеке жұмыс жүргізу;
- диссертациялар/жобалар тақырыптары аясында іргелі ғылыми зерттеулер мен ізденістер жүргізу;
- диссертациялық жұмыстар/жобалар тақырыптары бойынша консультациялар алу;
- тағылымдама кезеңінде өткізілетін ғылыми конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге және өзге де ғылыми іс-шараларға қатысу және т.б.

7.3 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың ғылыми тағылымдамасы Қазақстан Республикасының, сондай-ақ жақын және алыс шетелдердің жоғары оқу орындарымен, ғылыми ұйымдарымен және тиісті сала немесе қызмет саласындағы ұйымдарымен жасалған шарттар негізінде жүзеге асырылады.

7.4 Ғылыми тағылымдаманың мерзімі академиялық күнтізбемен реттеледі.

7.5 Магистранттар ғылыми тағылымдамадан бүкіл оқу кезеңінде 1 (бір) реттен артық емес өтеді, оның ұзақтығы 14 күннен кем болмауы тиіс.

Ғылыми тағылымдамадан өту орны білім беру бағдарламасының ғылыми бағытына және зерттеу тақырыбына сәйкес келуі қажет.

Тағылымдама бағдарламасына білім беру және ғылыми компоненттердің қамтылуы көзделеді.

Тағылымдамаға алдын ала зерттеу нәтижелері және/немесе зерттеу тақырыбы бойынша жарияланымдары бар тұлғалар жіберіледі.

7.6 Оқу мерзімі 2 (екі) жылды құрайтын ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттар ғылыми тағылымдамадан білім беру бағдарламасына сәйкес 4-ші семестрде өтеді.

Оқу мерзімі 1 (бір) жылды құрайтын бейіндік бағыттағы магистранттар тағылымдамадан 2-ші семестрде өтеді.

7.7 Ғылыми тағылымдамаға шығу және Университетке келу мерзімдерінің бұзылуы (тағылымдамадан өту туралы бұйрықта көрсетілген) және құжаттардың тиісті рәсімделмеуі дәлелді себепсіз орын алған жағдайда, бұл оқу тәртібін бұзу болып саналады және қорытынды аттестацияға жібермеуге негіз болады.

Егер тағылымдамаға шығуға кедергі келтіретін дәлелді себеп болса, білім алушы ЖООКББ бөліміне Ректордың атына ғылыми жетекшінің, кафедра меңгерушісінің, факультет деканының, академиялық сұрақтар жөніндегі проректордың визалары қойылған негізделген өтініш пен растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

## 8. ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

8.1 Қазақстан Республикасында және шетелде жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың ғылыми тағылымдамасын ұйымдастыруды Университеттің бітіруші кафедралары, ЖОО-дан кейінгі білім беру бөлімі және Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлімі жүзеге асырады.

8.2 Ғылыми тағылымдаманы ұйымдастыруды қабылдаушы жоғары оқу орны, ғылыми ұйым және/немесе тиісті сала немесе қызмет саласындағы ұйым қамтамасыз етеді.

8.3 Бітіруші кафедралардың функциялары:

8.3.1 жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың ғылыми тағылымдамадан өту базалары ретінде қарастырылатын ықтимал ғылыми ұйымдар мен/немесе тиісті сала немесе қызмет саласындағы ұйымдарды айқындайды;

8.3.2 Қазақстан Республикасында және шетелде жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың ғылыми тағылымдамадан өтуі үшін ғылыми ұйымдармен және/немесе тиісті сала немесе қызмет саласындағы ұйымдармен шарттар жасасуды және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

8.3.3 жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушыларға арналған ғылыми тағылымдама бағдарламасын әзірлейді;

8.3.4 тағылымдама жоспарын (бағдарламасын) құрастыруда білім алушыларға әдістемелік көмек көрсетеді;

8.3.5 жасалған шарттар негізінде тағылымдама өту мерзімдерін, орнын көрсете отырып, тағылымдамаға жіберу туралы ұсыныс дайындайды және оны бұйрық рәсімдеу үшін ЖООКББ бөліміне жолдайды;

8.3.6 ғылыми тағылымдамадан өту үшін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушыларды ұсыну мақсатында олардың жұмыс нәтижелерін кафедра отырысында талқылауды ұйымдастырады және негізделген қорытындысы бар хаттамадан үзіндіні ЖООКББ-ға ұсынады;

8.3.7 тағылымдама нәтижелерін кафедра отырысында талқылау арқылы қорытынды жасайды.

8.4 ЖООКБ бөлімінің функциялары:

8.4.1 білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес, бітіруші кафедралармен және қабылдаушы жоғары оқу орындарымен немесе ғылыми ұйымдармен бірлесе отырып, шетелдік тағылымдама бағдарламаларын келіседі;

8.4.2 бітіруші кафедралардың ұсыныстары негізінде тағылымдамаға жіберу туралы бұйрықтар дайындайды;

8.4.3 бітіруші кафедралармен бірлесіп, тағылымдама өту мәселелері бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылармен нұсқаулық, кеңес, жиналыстар өткізеді.

8.5 Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлімінің функциялары:

8.5.1 білім беру бағыттарына сәйкес тағылымдама өткізілетін шетелдік жоғары оқу орындарының алдын ала тізімін дайындайды;

8.5.2 шетелдік серіктес жоғары оқу орындарының өкілдерімен, магистранттардың шетелдік ғылыми кеңесшілерімен тағылымдама өту шарттарын талқылау бойынша іскерлік хат алмасу жүргізеді;

8.5.3 шетелдік жоғары оқу орындарымен және ғылыми ұйымдармен шарттар жасасуды қамтамасыз етеді;

8.5.4 консулдық-визалық мәселелер бойынша кеңес береді.

## **9. ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМА БАРЫСЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

9.1 Ғылыми тағылымдамадан өтетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар келесі құқықтарға ие:

9.1.1 тағылымдама бағдарламасы аясында сапалы білім алуға;

9.1.2 тағылымдама бағдарламасы шеңберінде, соның ішінде көшпелі іс-шараларға қатысуға;

9.1.3 қабылдаушы ғылыми ұйымның және/немесе тиісті сала немесе қызмет саласындағы ұйымның кітапханалық қорларында өз бетінше жұмыс жүргізуге;

9.1.4 тағылымдама бағдарламасымен қарастырылған ғылыми/эксперименттік-зерттеу жұмыстарына, конференцияларға, семинарларға қатысуға.

9.2 Ғылыми тағылымдамадан өту кезінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар келесі міндеттерді орындайды:

9.2.1 есеп беру құжаттарын кафедраға және ЖОО-дан кейінгі білім беру бөліміне уақытылы ұсынуға;

9.2.2 ғылыми тағылымдамаға жіберу туралы бұйрықта көрсетілген тағылымдама мерзімдерін сақтауға;

9.2.3 онлайн-кітапханаларды пайдалану арқылы материалдар іріктеу (қашықтықтағы тағылымдама кезінде), әдебиеттермен танысу, диссертациялық зерттеулер мәтініне түзетулер мен толықтырулар енгізуге;

9.2.4 Университеттің абыройы мен беделін сақтап өкілдік етуге;

9.2.5 оқытушылармен, қызметкерлермен және басқа тұлғалармен қарым-қатынаста әдеп нормаларын, сөйлеу мәдениетін сақтауға, артық еркіндікке жол бермеуге және субординацияны ұстануға;

9.2.6 білім алу мен білім сапасын бақылаудың барлық түрлеріне адал қарауға, оқу стандарттарын сақтауға;

9.2.7 қызметін жүзеге асыру барысында саяси тұрғыдан дұрыс ұстанымда болуға;

9.2.8 басқа халықтардың әдет-ғұрпына, дәстүрлеріне құрметпен қарауға және төзімділік танытуға, әртүрлі этностық, әлеуметтік топтар мен діни конфессиялардың мәдени және өзге де ерекшеліктерін ескеруге;

9.2.9 тағылымдама базасында және оның сыртында салауатты өмір салтын ұстануға және зиянды әдеттерден бас тартуға;

9.2.10 өзінің мінез-құлқына мұқият болуға, бейәдеп сөздерді қолданбауға;

9.2.11 жатақханадағы қабылданған тәртіп нормаларын сақтауға;

9.2.12 сыртқы келбетіне ұқыптылықпен қарауға;

9.2.13 қабылдаушы ұйым белгілеген ережелер мен талаптарды орындауға.

## 10. ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМА НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ЕСЕПТІ РЕСІМДЕУ ТӘРТІБІ

10.1 Магистрант ғылыми тағылымдамадан өткеннен кейін бес күнтізбелік күн ішінде ғылыми тағылымдама нәтижелері туралы есепті (А қосымшасы) ұсынуға міндетті. Есептің көлемі кемінде 5 бет болуы тиіс және келесі бөлімдердің толық сипаттамасын міндетті түрде қамтуы қажет:

10.1.1 магистрант тағылымдамадан өткен ұйымдағы ғылыми зерттеулер туралы мәлімет;

10.1.2 тағылымдама кезеңінде орындалған жұмыстардың тізбесі, сипаттамасы және мазмұны;

10.1.3 оқу жұмысы: қандай курстар өтілді (пән атауы, курс атауы, кредит саны, нәтижелері көрсетілуі тиіс);

10.1.4 теориялық жұмыс: пайдаланылған дереккөздердің реквизиттері, олардың диссертация (жоба) үшін маңыздылығы;

10.1.5 ғылыми жұмыс: зерттеу әдістері, ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысының негізгі нәтижелері, зерттеу нәтижелерінің қорытындылары мен бағасы, алынған нәтижелердің ұқсас зерттеулер деректерімен салыстырмасы;

10.1.6 ғылыми семинарларға, конференцияларға қатысу, жарияланымдар;

10.1.7 қосымша жұмыс түрлері, қорытындылар мен ұсыныстар.

10.2 Жүргізілген жұмыстар мен алынған нәтижелер бойынша есеп ғылыми тағылымдама жетекшісімен келісіліп, қол қойылуы тиіс.

10.3 Есепке ғылыми тағылымдамадан өткені туралы құжат (сертификат) қоса беріледі.

10.4 Ғылыми тағылымдама туралы есеп мамандық бойынша бітіруші кафедраға тапсырылады.

10.5 Ғылыми тағылымдама нәтижелері бойынша балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша баға қойылады, ол сәйкес академиялық кезеңдегі МҒЗЖ/МЭЗЖ бағасын қою кезінде (арифметикалық орташа мән ретінде) ескеріледі.

10.6 Баға қою кезінде ұсынылған есептің мазмұны, ғылыми тағылымдама өту кезеңіндегі жұмыс жоспарына сәйкес орындалған жұмыс көлемі ескеріледі.

## 11. ҮДЕРІСПЕН БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

11.1 Негізгі тәуекел	11.2 Тәуекелдердің алдын алу бойынша әрекеттер
- тағылымдамдан өту үшін ұйымдармен шарттардың болмауы немесе уақытылы жасалмауы;	- шарттарды тағылымдама басталғанға дейін кемінде 1 ай бұрын жасасу мерзімдерін белгілеу; шарттардың орындалуын кафедра мен халықаралық бөлім тарапынан тұрақты бақылау;
- магистранттардың тағылымдамдан өту мерзімдерін сақтамауы;	- академиялық күнтізбеге сәйкес жеке тағылымдама кестесін әзірлеу; мерзімдерді білім алушыларға жеткізу; тағылымдамаға шығу және оралу уақытын бақылау;
- білім алушылардың ғылыми тағылымдамдан өту нәтижелерінің төмендігі;	- ғылыми зерттеу бағытына сәйкес келетін сапалы ғылыми базаларды алдын ала таңдау; ғылыми компоненті бар тағылымдама бағдарламаларын бекіту; тағылымдамаға дейін және кейін ғылыми жетекшілер тарапынан кеңес беру.

## 12. ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ӨКІЛЕТТІКТЕР

12.1 Осы Ереже Университет Ректорының шешімімен бекітіледі және бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

Ереженің талаптарының орындалуын академиялық сұрақтар жөніндегі проректор, ЖОО-нан кейінгі білім беру бөлімінің басшысы, факультет декандары және кафедра меңгерушілері бақылайды.

Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы жаңа заңнамалық талаптары қабылданған жағдайда немесе қажеттілігіне қарай енгізіледі.

## 13. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

13.1 Аталған Ереже Университеттің ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сертификаттау аудиті жүргізу кезінде сертификаттаушы органның сарапшыларынан, сондай-ақ Университет Ректорының рұқсаты бойынша тұтынушы серіктестерден басқа үшінші тұлғаларға ұсынылмайды.

**А қосымшасы**  
(міндетті)

**Магистранттың ғылыми тағылымдамадан өту нәтижелері туралы есеп нысаны**

«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ

Факультет: \_\_\_\_\_

Кафедра: \_\_\_\_\_

Бекітемін  
Кафедра меңгерушісі

\_\_\_\_\_

(колы, Т.А.Ә.)

Кафедра отырысында қаралды

№ \_\_\_\_ хаттама

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ ж.

**ЕСЕП**

**Магистранттың ғылыми тағылымдамадан өту нәтижелері туралы**

Магистрант \_\_\_\_\_  
(магистранттың аты-жөні)

Білім беру бағдарламасы \_\_\_\_\_  
(ББ коды мен атауы)

Магистратура ББ меңгеру мерзімі: 20 \_\_ ж. бастап 20 \_\_ ж. дейін

Магистрлік диссертация (жоба) тақырыбы:

\_\_\_\_\_

Диссертация тақырыбы Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітілген,  
№ \_\_ хаттама, « \_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ ж.

Астана, 20 \_\_

Магистранттың ғылыми тағылымдамадан өткені туралы есебі

Магистрант \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)

Білім беру бағдарламасы \_\_\_\_\_  
(ББ коды мен атауы)

Ғылыми жетекші \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы)

Тағылымдамадан өту орны \_\_\_\_\_  
(Университеттің/ұйымның атауы, қала, ел)

Тағылымдамадан өту мерзімдері \_\_\_\_\_

1. Ғылыми тағылымдама жоспарына сәйкес орындалған жұмыстардың түрлері, алынған нәтижелердің маңыздылығы

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

2. Ғылыми тағылымдама аясында конференцияларға, семинарларға, дөңгелек үстелдерге, академиялық курстарға және басқа да іс-шараларға қатысу

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

3. Ғылыми тағылымдама нәтижелері бойынша жарияланымдар (бар болған жағдайда)

№	Мақала атауы	Баспа, жарық көрген орны	Баспа табақ саны	Мақалаға/жинаққа сілтеме

4. Қосымша орындалған жұмыстар

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

5. Магистранттың ғылыми тағылымдаманың нәтижелілігі мен тиімділігі туралы пікірі

Магистрант \_\_\_\_\_  
(қолы, Т.А.Ә.)

Ғылыми жетекші \_\_\_\_\_  
(қолы, Т.А.Ә.)

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_  
(қолы, Т.А.Ә.)



Н. СҚЕЖАБ-7.5-2025-05-04  
(міндетті)

**ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ**

Өзгеріс №	Өзгеріс туралы хабарлама №	Беттер нөмірлері				Өзгерістерден кейінгі беттер саны	Енгізу күні	Өзгерісті енгізген тұлға (АТЫ-ЖӨНІ)	Қолы
		өзгертілген	ауыстырылған	жаңа	жойылған				

Н. СҚЕЖАБ-7.5-2025-05-05  
(міндетті)

**МЕРЗІМДІК ТЕКСЕРУ ЕСЕБІ ПАРАҒЫ**

Тексеру күні	Тексеруді орындаған тұлға (АТЫ-ЖӨНІ)	Қолы	Ескертпе формулировкасы